

**Жиынтық бағалауға арналған
әдістемелік ұсыныстар**

**Қазақ тілі мен әдебиеті
(оқыту қазақ тілінде емес)**

7-сынып

Әдістемелік ұсыныстар мұғалімге 7-сынып білім алушыларына «Қазақ тілі және әдебиеті» пәні бойынша жиынтық бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуге көмек құралы ретінде құрастырылған. Әдістемелік ұсыныстар «Қазақ тілі және әдебиеті» пәні бойынша оқу бағдарламасы негізінде дайындалған.

Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалары мұғалімге білім алушының тоқсан бойынша жоспарланған оқу мақсаттарына жету деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Әдістемелік ұсыныстарда бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауды өткізуге арналған бағалау критерийлері мен дескрипторлары бар тапсырмалар ұсынылған. Сондай-ақ, жинақта білім алушылардың оқу жетістіктерінің мүмкін деңгейлері (рубрикалар) сипатталған. Дескрипторлары мен балдары бар тапсырмалар ұсыныстар түрінде берілген.

Әдістемелік ұсыныстар мұғалімдерге, мектеп әкімшілігіне, білім беру бөлімінің әдіскерлеріне, критериалды бағалау бойынша мектеп, өңірлік үйлестірушілеріне және басқа да мүдделі тұлғаларға арналған.

Әдістемелік ұсыныстарды дайындау барысында ресми интернет-сайттағы қолжетімді ресурстар (суреттер, фотосуреттер, мәтіндер, аудио және бейнематериалдар) қолданылды.

Мазмұны

1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	4
«Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілін оқып үйренеміз. Үш тілді білу – үлкен өнер» бөлімдері бойынша жиынтық бағалау.....	4
«Уақыт – ұлы күш», «Жердегі климаттық өзгерістер» бөлімі бойынша жиынтық бағалау...	8
2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	12
«Қазақстанның ежелгі қалалары және Ұлы Жібек жолы», «Туған өлке публицистика беттерінде» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	12
«Спорт және денсаулық күтімі», «Ұқсатым. Сән. Талғам.» тақырыптары бойынша жиынтық бағалау.....	16
3-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	19
«Ғаламтормен дұрыс жұмыс жасау - мәдениет» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	19
«Музыка. Қазақтың киелі домбырасы.», «Төрт түлік мал мен егіншілік – ел берекесі», «Наурыз мейрамы. Ақ мол болсын! Ұлыс оң болсын!»» бөлімдері бойынша жиынтық бағалау	23
4-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	26
«Жастықтың оты қайдасың?», «Менің туған өлкем»электрондық энциклопедиясы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	26
«Ғылым мен техниканың соңғы жаңалықтары», «Батыр туса – ел ырысы» бөлімдері бойынша жиынтық бағалау	29

1-тоқсан бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар

Бөлім «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілін оқып үйренеміз. Үш тілді білу – үлкен өнер»

Оқу мақсаты

- 7.1.2.1 Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың өзектілігін анықтау
- 7.2.1.1 Мақал-мәтелдер, терминдер мен неологизмдерді орынды қолдана отырып, мәтін мазмұнын дамыту

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Негізгі ақпаратты анықтайды
- Мақал-мәтелдер, терминдер мен неологизмдерді тиімді қолданады
- Мәтіндегі оқиғаны дамытады

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану

Орындау уақыты

15-20 минут

Тапсырма

Аудиомәтінді екі рет тыңдап, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.

Үш тіл – заман талабы

22 қыркүйек - ҚР халықтарының тілдері мерекесі. Әр халық өз тілінде сөйлеуге, оқуға құқығы бар. Әр азамат өзінің ана тілін біліп, сүюге, құрметтеуге міндетті. Сонымен қатар, әр адам өзге де тілді үйреніп, оларға да құрметпен қарап, өз кәдесіне жаратып жатса, «Жеті түрлі ілім біл, жеті жұрттың тілін біл» деп ата-бабаларымыз айтпақшы, нұр үстіне нұр болады. Сол себепті де біз бүгінгі шараны ана тілімізге және орыс тілі мен ағылшын тіліне арнаймыз.

Біздің еліміз – көп ұлтты мемлекет. Елімізде жүздеген ұлт өкілдері достық пен бейбітшілікте өмір сүруде. Бабалар аманаты - дәстүріміз бен туған тіліміздің аясы кеңейіп, әлемдік өркениетпен ұштастығын тауып жатыр. Соның бір кепілі - ел болып атап өтіп жатқан - тілдер мерекесі. Тіл қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. «Әр елдегі қазақ әр елдің тілін мықтап игерсе, ол - білім. Ол шетел тілінде сөйлесе - тіпті жақсы. Бірақ ана тілін тұншықтырып, көміп тастаса - ол кешірілмес күнә» деген Н. Ә. Назарбаевтың сөзін басшылыққа ала отырып, мектепте оқытылатын тілдерден жарыс өткіземіз.

Жер шарында 900-ге жуық ұлт өмір сүреді. Қазір біздің планетамызда 5651 тіл бар, ол тілдерде миллиардтан астам адам сөйлейді. Өзінің тілін ана тілім деп атайтын бірден бір халық - қазақ. Өйткені, халқымыз Анасын қастерлеп, қадірлеген. Ең қасиетті, киелі нәрсені Анаға теңеген. Сөз мүшесінің саны жағынан алғанда қазақ тілі жер жүзіндегі 5651 тілдің арасында 70-орында.

1. Мәтіннің не туралы екенін анықтаңыз.

- A. Тіл туралы
- B. Өнер-білім туралы
- C. Еңбекқорлық туралы
- D. Адамгершілік туралы

2. Мәтіннің негізгі идеясын табыңыз.

- A. 22 қыркүйек - ҚР халықтарының тілдері мерекесі.
- B. Біздің еліміз – көп ұлтты мемлекет.
- C. Біздің планетамызда 5651 тіл бар.
- D. Туған тілді құрметтеп, қастерлеу керек.

3. Мәтіннің түрін ажыратыңыз.

- A. әңгіме
- B. сұхбат
- C. ертегі
- D. мақала

4. Мәтін бойынша дұрыс/бұрыс ақпаратты анықтаңыз.

(+ белгісімен белгілеңіз).

№	ақпараттар	дұрыс	бұрыс
1	Әрбір адам өз ана тілін сүйі, құрметтеуі тиіс.		
2	Жер шарында 800-ге жуық ұлт өмір сүреді.		

5. Төмендегі мақал-мәтелдерді қолданып, жұбыңызбен тіл туралы сөйлесіңіз. Жұбыңызға сұрақтар қойыңыз, жауап беріңіз.

- Өнер алды – қызыл тіл.
- Көп сөз - күміс, аз сөз - алтын.
- Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле.

6. Төмендегі сөйлемдерден терминдер мен неологизмдерді тауып, мағынасын ашыңыз. Олармен сөйлемдер құрастырыңыз.

- Қазақстанда үштілділік білім беру жолдары жүзеге асырылуда.
- Лексика – сөз мағынасын зерттейтін сала.
- Ұлыбританияда тұратын 10 жасар Соня – полиглот қыз.

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Негізгі ақпаратты анықтайды.	1-4	мәтіннің не туралы екенін анықтайды;	1
		мәтіннің негізгі идеясын табады;	1
		мәтіннің түрін ажыратады;	1
		мәтін бойынша дұрыс/бұрыс ақпараттарды анықтайды;	1
Мақал-мәтелдер, терминдер мен неологизмдерді тиімді қолданады. Мәтіндегі оқиғаны дамытады.	5-6	мақал-мәтелдерді қолданып, диалог құрастырады;	1
		тақырып бойынша сұрақтар қойып, жауап береді;	1
		сөйлемдерден термин мен неологизмдерді тауып, мағынасын ашады;	1
		термин және неологизмдермен сөйлемдер құрастырады.	1

Барлығы	8
----------------	----------

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілін оқып үйренеміз. Үш тілді білу – үлкен өнер» бөлімдері бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға арналған ақпарат (рубрика)

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістігі деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Тыңдалған мәтін мазмұнын түсінеді Негізгі ақпаратты анықтайды	Мәтіннің не туралы екенін анықтауда, негізгі идеясын табуда қиналады. Мәтіннің түрін ажырату мен мәтін бойынша дұрыс не бұрыс ақпараттарды анықтауда қиналады ☐	Мәтіннің не туралы екенін анықтау мен негізгі идеясын табуда қателеседі. Мәтіннің түрін ажырату мен мәтін бойынша дұрыс не бұрыс ақпараттарды анықтауда қателеседі ☐	Мәтіннің не туралы екенін анықтайды, негізгі идеясын табады. Мәтіннің түрін ажыратады, мәтін бойынша дұрыс/бұрыс ақпараттарды анықтайды ☐
Мақал-мәтелдер, терминдер мен неологизмдерді тиімді қолданады	Мақал-мәтелдерді қолданып, диалог құрастыруда, термин және неологизмдермен сөйлемдер құрауда қиналады ☐	Мақал-мәтелдерді қолданып, диалог құрастыруда, термин және неологизмдермен сөйлемдер құрауда қателеседі ☐	Мақал-мәтелдерді қолданып, диалог құрастырады. Термин және неологизмдермен сөйлемдер құрайды ☐
Мәтіндегі оқиғаны дамытады	Тақырып бойынша сұрақтар қойып, жауап беруде және сөйлемдерден термин мен неологизмдерді тауып, мағынасын ашуда қиналады ☐	Тақырып бойынша сұрақтар қойып, жауап беруде және сөйлемдерден термин мен неологизмдерді тауып, мағынасын ашуда қателіктер жібереді ☐	Тақырып бойынша сұрақтар қойып, жауап береді. Сөйлемдерден термин мен неологизмдерді тауып, мағынасын ашады ☐

Бөлім «Уақыт – ұлы күш», «Жердегі климаттық өзгерістер»

Оқу мақсаты	7.3.2.1 ресми-іскерлік (ұсыныстар) салаға қатысты мәтіндердің тілдік ерекшелігін анықтап, талдау жасау 7.4.4.1. Тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, презентация түрінде ұсыну 7.5.1.2 Салыстырмалы, күшейтпелі, асырмалы шырайлардың қызметін білу, жазба, ауызша жұмыстарда қолдану
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> • Мәтіндердің тілдік ерекшелігін анықтап, талдау жасайды • Тақырып бойынша мәліметтер жинақтайды, презентация жасайды • Салыстырмалы, күшейтпелі, асырмалы шырайларды жазба, ауызша жұмыстарда қолданады
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты	15-20 минут

1-тапсырма

Ұсыныс түрінде берілген мәтінді түсініп оқып, тілдік ерекшелігін анықтаңыз, талдау жасаңыз.

Бос уақытта қандай іспен айналысса болады?

Көпшілік бос уақытын қалай өткізуді білмей, кейде «Менің мүлдем бос уақытым жоқ» дейді. «Немен айналысуға болады?» деген сұраққа психологтер: «Өзіңізге ұнайтын ермек іс (хобби) тауып алыңыз», - деп кеңес береді. Олар тек уақытты пайдалы өткізуге ғана емес, денсаулыққа да оң әсерін тигізеді. Олай болса, бос уақытта қандай іспен айналысса болады?

- Қолөнер. Көңілсіздіктен арылтатын іс – тоқыма тоқу. Тоқыма тоқыған кезде өзіңізді жайлы әрі жеңіл сезінесіз. Сондай-ақ, кесте тігу, сурет салу, экибана жасау, бисер тоқу, т.с.с. қолөнермен айналысуға болады.
- Гүл өсіру. Жер үйде тұратын көп адамдар бос уақытын бау-бақшада өткізеді. Ал көп қабатты үйде балконда шағын бау-бақша жасауға болады. Кішкентай гүл ыдыстарына қалаған үй өсімдіктерін егіп, оны күтіп-баптауға кірісіңіз.
- Коллекция жинау. Өзіңізге қызықты дүниелерді жинастырыңыз. Олар: әдеби кітаптар, күйтабақтар, базарлықтар, пошта маркалары, ыдыс-аяқтар, жұмсақ ойыншықтар, т.б.
- Үй жануарын асыраңыз. Олар: аквариумдағы балықтар, мысықтар, кішкентай иттер, тасбақа т.б. Үй жануарыңызға күтім көрсетіңіз.
- Блог жүргізіңіз. Ғаламтор беттеріндегі ақпараттық-танымдық порталдарға тіркеліп, блог жүргізіңіз. Өзіңіздің басыңыздан өткен қызықты оқиғаларды, ойларыңызды жазып, өзгелердің пікірін оқыңыз. Әртүрлі форумдарда өзгелермен өз ойыңызбен бөлісіңіз.
- Спортпен шұғылданыңыз. Фитнесс-клубтары мен спорт залдарына барып, би, жүзу, йога, аэробикаға жазылыңыз. Достарыңызбен жиылып, спорт алаңына барып, бадминтон, волейбол, баскетбол ойнаңыз. Шеңбер айналдырып, жаттығулар жасаңыз.

2-тапсырма

Д.Дефоның «Робинзон Крузо» шығармасы бойынша мәліметтерді жинақтап, «Робинзонның 1 күні» тақырыбында презентация жасаңыз. Шырай түрлерін (салыстырмалы, күшейтпелі, асырмалы) қолданыңыз.

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Мәтіндердің тілдік ерекшелігін анықтап, талдау жасайды	1	ұсыныс түрінде берілген мәтінді зерделейді;	1
		тілдік ерекшелігін анықтайды;	1
		талдау жасайды;	1
Тақырып бойынша мәліметтер жинақтайды. Презентация жасайды.	2	«Робинзон Крузо» романынан мәліметтерді жинақтайды;	1
		тақырып бойынша презентация дайындайды;	1
		презентация талаптарын толық сақтайды;	1
Салыстырмалы, күшейтпелі, асырмалы шырайларды жазба, ауызша жұмыстарда қолданады.		салыстырмалы, күшейтпелі, асырмалы шырайларды жазба, ауызша жұмыстарда тиімді қолданады.	1
Барлығы			7

**«Уақыт – ұлы күш», «Жердегі климаттық өзгерістер» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға
ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістігі деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Мәтіндердің тілдік ерекшелігін анықтап, талдау жасайды	Ұсыныс түрінде берілген мәтінді зерделеуде, тілдік ерекшелігін анықтауда, талдау жасауда қиналады ☐	Ұсыныс түрінде берілген мәтінді зерделеуде, тілдік ерекшелігін анықтауда, талдау жасауда қателеседі ☐	Ұсыныс түрінде берілген мәтінді зерделейді, тілдік ерекшелігін анықтайды, талдау жасайды ☐
Тақырып бойынша мәліметтер жинақтайды. Презентация жасайды.	«Робинзон Крузосы» романынан мәліметтерді жинақтау мен тақырып бойынша презентация дайындауда, презентация талаптарын сақтауда қиналады ☐	«Робинзон Крузосы» романынан мәліметтерді жинақтау мен тақырып бойынша презентация дайындауда, презентация талаптарын сақтауда қателеседі ☐	«Робинзон Крузосы» романынан мәліметтерді жинақтайды, тақырып бойынша презентация дайындайды, презентация талаптарын толық сақтайды ☐
Салыстырмалы, күшейтпелі, асырмалы шырайларды жазба, ауызша жұмыстарда қолданады.	Салыстырмалы, күшейтпелі, асырмалы шырайларды жазба, ауызша жұмыстарда қолдануда қиналады ☐	Салыстырмалы, күшейтпелі, асырмалы шырайларды жазба, ауызша жұмыстарда қолдануда қателіктер жібереді ☐	Салыстырмалы, күшейтпелі, асырмалы шырайларды жазба, ауызша жұмыстарда тиімді қолданады ☐

2-тоқсан бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар

Бөлім «Қазақстанның ежелгі қалалары және Ұлы Жібек жолы»

Оқу мақсаты	7.1.6.1 Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде өз пікірін өзгелердің пікірімен салыстыра отырып жауап беру 7.2.4.1 Шығармадағы кейіпкерлерге автор берген мінездеменің тілдік құралдарын талдау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> • Өз пікірін өзгелердің пікірімен салыстырады • Автор берген мінездемені анықтайды • Мінездемедегі тілдік құралдарды талдайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты	15-20 минут

1-тапсырма

Мәтінді мұқият тыңдап, не туралы айтылатынын анықтаңыз. Өз пікіріңізді өзгелердің пікірімен салыстырыңыз.

Ұлы Жібек жолы

Байырғы заманда жердің түкпір-түкпірінде тұратын адамдар бір-бірімен сауда жүргізген. Алғашында ол қажетті заттармен айырбас ретінде жүзеге асқан. Мысалы, асыл тастар, алтын, күміс, тұз, шипалы өсімдіктер мен хош иіс сулары, азық-түлік және басқа да тауарлармен алмасқан. Кейіннен ақшаға сауда-саттық басталып, базар, жәрмеңке, сауда жолдары ашылды.

Ұлы Жібек жолының Қазақстан жерінен өткен жолы Сауран қаласы болды. Қазақстан жеріндегі орта ғасырдағы ірі қалалардың бірі. Жібек жолындағы тағы бір тарихи қала – Иасы, кейіннен Түркістан атанған. Түркістан ертеден «екінші Мекке» деп аталып кеткен. Қожа Ахмет Иассаuidiң кесене ғимараты – бүкіл Орта Азиядағы сәулет өнерінің керемет үлгісі болып табылады.

Жібек жолындағы даңқты қалалардың бірі Отырар еді. Бүкіл Шығысқа аты әйгілі қала ең алғаш Фараб деп аталды. Әл Фараби атанған ұлы ғалым Әбу Насыр Ибн Мұхаммед шыққан қала.

Ұлы Жібек жолында тарихи қалалардың қатарына Испиджап, яғни, Сайрам да жатады. Сайрам ұзақ жылдар бойы Жібек жолы бойындағы саяси жағынан да, экономикалық жағынан да, мәдени жағынан да еңсесі биік қалалардың бірі болып қалған.

Сол тұстағы аса ірі сауда орталығы Тараз болды. Елдер оны саудагерлер қаласы деп атаған. Тараздың жүрегі – мешіттері, керуен сарайлары болса, базардың айналасында түрлі шеберханалар, наубайханалар орналасқан. Ертеде Тараз қаласындағы сауда базарын көргендер «Тараз базары – әлем айнасы» дейтін. Себебі, бұл жақта кез келген дүниені айырбастауға, сату мен сатып алуға болатын.

2-тапсырма

Ұлы Жібек жолының тарихи маңызы туралы өз пікіріңізді айтыңыз, өзгелердің пікірін тыңдаңыз, салыстырыңыз. «ПОПС» формуласын пайдаланыңыз.

«ПОПС» формуласы:

- Бірінші сөйлем «Менің ойымша, ... »
- Екінші сөйлем «Себебі, мен оны былай түсіндіремін ... »
- Үшінші сөйлем «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ... »

- Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ... »

3-тапсырма

Шығарманы түсініп оқып, кейіпкерге берілген автор мінездемесін табыңыз.

Бегабат Ұзақов
«Жантаза» (әңгімеден үзінді)

Екі күннен бері орта бойлы, төртбақ денелі, қалың қабақты, қарасұр жігіт торы атпен желдіртіп келеді. Бес қаруын түгел асынған. Қызылқұмның жұмақ көркіне қызыға көз тастап келе жатқан жасы әлі жиырмаға тола қоймаған жігіттің кеудесіндегі елдің тірлігі де үнемі осындай мамыражай кеше берсе ғой деген арман ұлғая түсті.

«Тіршілік неткен тұрлаусыз еді! - деген ой келді оның қиялына. – Айналаны көріктендіріп тұрған мына раң, қызғалдақтар құралайдың салқыны өткен соң күнге күйіп, желге ұшарын білмейді-ау! Адамдар солай, тайталасып өтеді. Күреспесең, ғұмырың қамшының сабындай қысқа. Тосыннан келген дүлей күш сындырып кеткенін байқамай да қаласың...»

Болатын бала он төртінде бас болар. Кеудеде жолбарыс жүрек соғып тұрған кезде ер жігіт үйінде бұғып жата алмас. Сыр бойындағы қалың елдің қамын жеп, жас күнінен атқа қонып, ақ найза ұстады. Он жетіге толар-толмас кезінде айрандай ұйып отырған елге оңтүстіктегі ала шапандылардың әскері киліге кіріп, ойран салды. Жекпе-жекте бас батырына найза қадап, аттан аударды. Ел тізгінін ұстағандар екі тарапқа жалтандап ашырқаған халқын тойдырудың орнына, алқымын толтыруымен әлек. Жағдай бұлай жалғаса берсе, тұлымды ұл - құлға, бұрымды қыз - күнге айналарын сезген бұл жігіт араздасқан ағайынды жарастырып, елді біріктіруімен әуре. Арал, Сырдың кейбір салаларына бөген құрып, егіншілікпен айналысуға үндеді.

Егіншілікті үйретудегі мақсат – шашыраңқы елді жинау. Біріккен жұртты жау жеңе алмайды. Мұны түсінгендер Сырды сағалағанымен, малына малданып, қырды жағалап кететіндер де бар. Қай-қайсы да басына іс түскенде әскері бар болғандықтан бұған келеді. Оның самсаған қалың қолы бар, жүздеген жігітті машықтандырып, жау шапса, лап қоюға дайындап қойған. Таса жердегі әскери жаттығуларда шыңдалған жігіттер былайғы кезде өз тірлігімен айналыса береді.

4-тапсырма

Мәтін бойынша кестені толтырыңыз. Кейіпкердің мінез-сипатын, іс-әрекетін анықтаңыз.

Кейіпкердің аты	Кейіпкердің жасы, түрі, сыртқы келбеті	Кейіпкердің мінезі, қылығы, ішкі жан дүниесі	Кейіпкердің іс-әрекеті

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Өз пікірін өзгелердің пікірімен салыстырады.	1-2	мәтіннің тақырыбын анықтайды;	1
		өз пікірін өзгелердің пікірімен салыстырады;	1
		пікір білдіреді, салыстырады (ПОПС формуласын қолданады).	1
Автор берген мінездемені анықтайды. Мінездемедегі тілдік құралдарды талдайды.	3-4	шығармадан кейіпкерге берілген автор мінездемесін табады;	1
		кейіпкердің сыртқы келбетін суреттейді;	1
		кейіпкердің мінезін, қылығын, ішкі жан дүниесін анықтайды;	1
		кейіпкердің қарым-қатынасын, іс-әрекетін сипаттайды.	1
Барлығы			7

**«Қазақстанның ежелгі қалалары және Ұлы Жібек жолы» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты
ата-аналарға арналған ақпарат (рубрика)**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістігі деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Өз пікірін өзгелердің пікірімен салыстырады.	Мәтіннің тақырыбын анықтау мен өз пікірін өзгелердің пікірімен салыстыруда, пікір білдіруде қиналады ☐	Мәтіннің тақырыбын анықтауда, өз пікірін өзгелердің пікірімен салыстыру мен пікір білдіруде қателіктер жібереді ☐	Мәтіннің тақырыбын анықтайды, өз пікірін өзгелердің пікірімен салыстырады, пікір білдіруде ПОПС формуласын қолданады ☐
Автор берген мінездемені анықтайды.	Шығармадан кейіпкерге берілген автор мінездемесін табуда қиналады ☐	Шығармадан кейіпкерге берілген автор мінездемесін табуда қателеседі ☐	Шығармадан кейіпкерге берілген автор мінездемесін табады ☐
Мінездемедегі тілдік құралдарды талдайды.	Кейіпкердің сыртқы келбетін суреттеуде, кейіпкердің мінезін, қылығын, ішкі жан дүниесін анықтау мен кейіпкердің қарым-қатынасын, іс-әрекетін сипаттауда қиналады ☐	Кейіпкердің сыртқы келбетін суреттеуде, кейіпкердің мінезін, қылығын, ішкі жан дүниесін анықтау мен кейіпкердің қарым-қатынасын, іс-әрекетін сипаттауда қателеседі ☐	Кейіпкердің сыртқы келбетін суреттейді, кейіпкердің мінезін, қылығын, ішкі жан дүниесін анықтайды, кейіпкердің қарым-қатынасын, іс-әрекетін сипаттайды ☐

**Бөлім «Туған өлке публицистика беттерінде», «Спорт және денсаулық күтімі»,
«Ұқсатым. Сән. Талғам.»**

Оқу мақсаты	7.3.1.1 Кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде берілген ақпаратты түсіну, қолдана білу 7.4.5.1 Тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (күрделі сөздер); 7.5.2.1 Жазба жұмыстарында ыңғайлас, қарсылықты, түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыру
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> • Кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде берілген ақпаратты тиімді қолданады • Күрделі сөздерді дұрыс жазады • Оқшау сөздердің тыныс белгілерін орынды қолданады • Ыңғайлас, қарсылықты, түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдерді дұрыс құрастырады
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты	15-20 минут

1-тапсырма

Берілген диаграммадағы ақпаратты қолданып, әңгіме құрастырыңыз.



2-тапсырма

Берілген күрделі сөздерді дұрыс жазып, түрлерін ажыратыңыз.

Кербез сұлу, ағайын туысқан, бүгін, ТМД, қараторы, ұл қыз, бел-беу, киім кешек, см, таң ертең, ҚазМҰУ, пед-колледж, қолөнер, Ақан сері, күнде күнде, құлақ-салды, білезік, ауыл-аймақ, нұрлы жол, АҚШ.

Сөз тіркесі	Қос сөздер	Біріккен сөздер	Қысқарған
-------------	------------	-----------------	-----------

			сөздер

3-тапсырма

Сөйлемдерден оқшау сөздерді тауып, тыныс белгілерін қойыңыз.

- Негізінде жағдайымыз онша жақсы емес.
- Тыңда дала Жамбылды.
- Алақай келгенің жақсы болды.
- Пай-пай Нұржан-ай тіліңіз қандай ащы!
- Сапарың құтты болсын қарағым!
- Менің ойымша бұл дұрыс шешім.

4-тапсырма

Берілген жай сөйлемдермен ыңғайлас, қарсылықты, түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдерді құрастырыңыз.

- А. Далада жел соғып тұр. Сіркіреп жаңбыр жауып тұр.
В. Ән басылып қалды. Гитара сазы тоқталған жоқ еді.
С. Сабақ бізге ұнағаны соншалық. Уақыт өткенін білмей қалыппыз.

5-тапсырма

Салалас құрмалас сөйлем түрлерін қолданып, «Қазіргі сән туралы менің ойым» тақырыбында эссе жазыңыз. Күрделі сөз түрлері мен оқшау сөздерді дұрыс жазыңыз.

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде берілген ақпаратты тиімді қолданады.	1	берілген диаграммадағы ақпаратты ажыратады;	1
		диаграммадағы ақпаратты қолданып, әңгіме құрастырады;	1
Күрделі сөздерді дұрыс жазады. Оқшау сөздердің тыныс белгілерін орынды қолданады.	2-3	күрделі сөз түрлерін ажыратады;	1
		күрделі сөз түрлерін дұрыс жазады;	1
		оқшау сөздердің тыныс белгілерін дұрыс қояды.	1
Ыңғайлас, қарсылықты, түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдерді дұрыс құрастырады.	4-5	салалас құрмалас сөйлем түрлерін құрастырады;	1
		тақырыптық эссе жазады;	1
		салалас құрмалас сөйлем түрлерін орынды қолданады.	1
Барлығы			8

«Туған өлке публицистика беттерінде», «Спорт және денсаулық күтімі», «Ұқсатым. Сән. Талғам.» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға арналған ақпарат (рубрика)

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістігі деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде берілген ақпаратты тиімді қолданады.	Берілген диаграммадағы ақпаратты қолданып, әңгіме құрастыруда қиналады ☐	Берілген диаграммадағы ақпаратты қолданып, әңгіме құрастыруда қателеседі ☐	Берілген диаграммадағы ақпаратты қолданып, әңгіме құрастырады ☐
Күрделі сөздерді дұрыс жазады.	Күрделі сөз түрлерін ажырату мен жазуда қиналады ☐	Күрделі сөз түрлерін ажырату мен жазуда қателеседі ☐	Күрделі сөз түрлерін ажыратады, күрделі сөз түрлерін дұрыс жазады ☐
Оқшау сөздердің тыныс белгілерін орынды қолданады.	Оқшау сөздердің тыныс белгілерін қоюда қиналады ☐	Оқшау сөздердің тыныс белгілерін қоюда қателіктер жібереді ☐	Оқшау сөздердің тыныс белгілерін дұрыс қояды ☐
Ыңғайлас, қарсылықты, түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдерді дұрыс құрастырады.	Салалас құрмалас сөйлем түрлерін құрастыру мен тақырыптық эссе жазу барысында қолдануда қиналады ☐	Салалас құрмалас сөйлем түрлерін құрастыру мен тақырыптық эссе жазу барысында қолдануда қателеседі ☐	Салалас құрмалас сөйлем түрлерін құрастырады, тақырыптық эссе жазады, салалас құрмалас сөйлем түрлерін орынды қолданады ☐

3-тоқсан бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар

Бөлім «Ғаламтормен дұрыс жұмыс жасау - мәдениет», «Музыка. Қазақтың киелі домбырасы.»

Оқу мақсаты	7.1.2.1 Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың өзектілігін анықтау 7.2.6.1 Кесте, диаграмма, шартты белгілер, суреттер мен сызбаларда берілген ақпаратты сипаттау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> • Мәтін мазмұнынан негізгі ақпаратты анықтайды • Кесте, шартты белгілер, суреттер мен сызбаларда берілген ақпаратты сипаттайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты	15-20 минут

1-тапсырма

Өлеңді мұқият тыңдаңыз. Мазмұны не туралы екенін айтыңыз.

Домбыра

Екі ішектің бірін қатты, бірін сәл-пәл кем бұра.
Нағыз қазақ – қазақ емес,
Нағыз қазақ – Домбыра!

Білгің келсе біздің жайды, содан сұра тек қана:
Одан асқан жоқ шежіре, одан асқан жоқ дана.

Ақиқатты айтқандардың бәрі осылай сорласын
Деп бір хаһан шанағына құйған оның қорғасын.

Бір ішегінде биіктік бар, бір ішегінде тереңдік.
Ол мылқауды сөйлетеді, жылатады керенді

Жалған сөйлеп көрген емес соның өзінде:
Аппақ жалын күйдің жанын жалап жатқан кезінде.

Қадыр Мырза Әлі

2-тапсырма

Сұрақтарға жауап беріңіз, өлеңдегі негізгі ақпараттарды анықтаңыз.

1. Өлеңді қалай атауға болады? Неге? Авторы кім?
2. Домбыра туралы қандай ақпараттар айтылады?
3. «Одан асқан жоқ шежіре, одан асқан жоқ дана». Домбыраның қандай қасиеті туралы?
4. «Ол мылқауды сөйлетеді, жылатады керенді» деген пікірмен келісесіз бе?
5. «Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – Домбыра!» деген жолдарды қалай түсінесіз?

3-тапсырма


Суреттерді пайдаланып, «Әлеуметтік желілер жастарға қалай әсер етеді?» тақырыбында сөйлесіңіз. Сұрақтарға толық жауап беріңіз.



- Ғаламтордың пайдасы мен зияны: қайсысы көптеу?
- Жастардың арасында ғаламторға тәуелділік бар ма?
- Ғаламтор тәуелділігінен қалай құтылуға болады?
- Ғаламтор мәдениетін білеміз бе?

4-тапсырма

Төмендегі кесте мен диаграммада берілген ақпаратты өз сөзіңізбен сипаттаңыз.



Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Мәтін мазмұнынан негізгі ақпаратты анықтайды.	1-2	өлең мазмұнын ашады, не туралы екенін айтады;	1
		мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;	1
		негізгі ақпараттарды анықтайды.	1
Мәтіндегі деректерді қолданады. Көтерілген мәселе туралы өз ойын дәлелдеп жеткізеді.	3	оқылған мәтін мазмұны бойынша баяндайды;	1
		мәтінде көтерілген мәселені анықтайды;	1
		негізгі деректерді белгілейді;	1
		көтерілген мәселе туралы өз ойын дәлелдеп жеткізеді;	1
		суреттерді пайдаланып, тақырып бойынша сөйлейді;	1
		сұрақтарға толық жауап береді.	1
Кесте, шартты белгілер, суреттер мен сызбаларда берілген ақпаратты сипаттайды.	4	кестеде берілген ақпаратты сипаттайды;	1
		диаграммада берілген ақпаратты сипаттайды.	1
Барлығы			11

**«Ғаламтормен дұрыс жұмыс жасау - мәдениет», «Музыка. Қазақтың киелі домбырасы.» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың
нәтижесіне қатысты
ата-аналарға арналған ақпарат (рубрика)**

Білім алушыны аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістігі деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Мәтін мазмұнынан негізгі ақпаратты анықтайды.	Өлең мазмұнын түсіну мен не туралы екенін айтуда, мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруде, негізгі ақпараттарды анықтауда қиналады ☐	Өлең мазмұнын түсіну, не туралы екенін айтуда, мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруде, негізгі ақпараттарды анықтауда қателіктер жібереді ☐	Өлең мазмұнын түсінеді, не туралы екенін айтады, мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, негізгі ақпараттарды анықтайды ☐
Көтерілген мәселе туралы өз ойын дәлелдеп жеткізеді.	Көтерілген мәселе туралы өз ойын дәлелдеп жеткізуде, суреттерді пайдаланып, тақырып бойынша сөйлеу мен сұрақтарға жауап беруде қиналады ☐	Көтерілген мәселе туралы өз ойын дәлелдеп жеткізуде, суреттерді пайдаланып, тақырып бойынша сөйлеу мен сұрақтарға жауап беруде қателіктер жібереді ☐	Көтерілген мәселе туралы өз ойын дәлелдеп жеткізеді, суреттерді пайдаланып, тақырып бойынша сөйлейді, сұрақтарға толық жауап береді ☐
Кесте, шартты белгілер, суреттер мен сызбаларда берілген ақпаратты сипаттайды.	Кесте мен диаграммада берілген ақпаратты сипаттауда қиналады ☐	Кесте мен диаграммада берілген ақпаратты сипаттауда қателеседі ☐	Кесте мен диаграммада берілген ақпаратты толық сипаттайды ☐

**Бөлім «Төрт түлік мал мен егіншілік – ел берекесі», «Наурыз мейрамы. Ақ мол болсын!
Ұлыс оң болсын!»»**

Оқу мақсаты	7.3.6.1 Тақырып бойынша деректер қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз ойын дәлелдеп жеткізу 7.4.5.1 тақырып бойынша оқшау сөздерге қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану 7.5.2.1 жазба жұмыстарында ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыру
--------------------	---

Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> • Мәтіндегі деректерді қолданады • Көтерілген мәселе туралы өз ойын дәлелдеп жеткізеді • Оқшау сөздердің тыныс белгісін қолданады • Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемдерді жазба жұмыстарда қолданады
--------------------------	---

Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану
-----------------------------------	---------

Орындау уақыты	15-20 минут
-----------------------	-------------

1-тапсырма

Мәтінді оқып, мазмұнын баяндаңыз. Мәтінде көтерілген мәселені анықтаңыз, негізгі деректерді белгілеңіз.

Жастар және ғаламтор

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жастарға арнаған сөзінде: «Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым мен білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек», - деген болатын. Бүгінгі тақырыбымыз – мүмкіндіктері күн сайын кеңейіп, экономика, ғылым мен білімнің дамуына, жеке адам мен қоғамның, әсіресе жастардың өмірі мен қауіпсіздігіне күшті әсер ететін ҒАЛАМТОР жайында болмақ.

Біраз уақыт бұрын Гуглдың негізін қалаушы Эрик Шмидтің «Жаңа сандық дәуірі» атты кітабы шықты. Бұл кітап – Интернет пен оның төңірегіндегі технологияларды сараптай келе, қоғам, мемлекет пен бизнестің болашағына жаңа көзқарас ұсынады.

Шмидтың айтуынша, адамзат Интернетті өз қолымен жасаса да, оның табиғатын терең түсінбейді. Интернет - адам өміріне керемет пайдалы құрал, бірақ оның зияны да айтарлықтай көп. Тексерілмеген ақпарат, дәйексіз пікір, кез келген адамды ретсіз қаралау, дәлелсіз жала жабу – соның басы ғана. Онлайн алаяқтықтың түр-түрін жасауға болатын, ұят пен абыройды ұмытқан ойын-сауық табуға болатын, бұзақы да, баскесер қылмыскер де еркін кіріп, басқаларға ақыл айтатын, ешкім бақыламайтын, қадағаламайтын орта іздеген адам Интернетке келеді. Ал бұл жастардың болашағын бұзады.....

2-тапырма

Көтерілген мәселе туралы өз ойыңызды дәлелдеп жеткізіңіз.

3-тапсырма

Суреттерді пайдаланып, осы оқиға туралы баяндап, алыстағы досыңызға хат жазыңыз. Хатта оқшау сөздерді қолданыңыз, тыныс белгілерін қойыңыз. Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемдерді қолданыңыз.

Жағдаят.

Сіз ата-анаңызбен бірге ұлттық аспаптар оркестрінің концертіне бардыңыз. Концерт ұнады ма/ұнамады ма? Неліктен? Қандай сезімде болдыңыз?



Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Мәтіндегі деректерді қолданады. Көтерілген мәселе туралы өз ойын дәлелдеп жеткізеді.	1-2	мәтін мазмұнын баяндайды;	1
		мәтінде көтерілген мәселені анықтайды;	1
		негізгі деректерді белгілейді;	1
		көтерілген мәселе туралы өз ойын дәлелдеп жеткізеді;	1
		суреттерді пайдаланып, тақырып бойынша сөйлейді;	1
		сұрақтарға толық жауап береді.	
Оқшау сөздердің тыныс белгісін қолданады	3	суреттерді пайдаланып, досына хат жазады;	1
		оқшау сөздерді қолданады;	1
		тыныс белгісін дұрыс қояды;	1
Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемдерді жазба жұмыстарда қолданады		ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемдерді қолданады.	1
Барлығы			10

**«Музыка. Қазақтың киелі домбырасы.», «Төрт түлік мал мен егіншілік – ел берекесі», «Наурыз мейрамы. Ақ мол болсын! Ұлыс оң болсын!» бөлімдері бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты
ата-аналарға арналған ақпарат (рубрика)**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістігі деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Мәтіндегі деректерді қолданады Көтерілген мәселе туралы өз ойын дәлелдеп жеткізеді.	Оқылған мәтін мазмұнын түсіну мен баяндауда, мәтінде көтерілген мәселені анықтап, негізгі деректерді белгілеуде қиналады ☐	Оқылған мәтін мазмұнын түсіну мен баяндауда, мәтінде көтерілген мәселені анықтап, негізгі деректерді белгілеуде қателер жібереді ☐	Оқылған мәтін мазмұнын түсінеді, баяндайды, мәтінде көтерілген мәселені анықтайды, негізгі деректерді белгілейді ☐
Оқшау сөздердің тыныс белгісін қолданады	Суреттерді пайдаланып, досына хат жазуда, жазылымда оқшау сөздерді, тыныс белгілерін қолдануда қиналады ☐	Суреттерді пайдаланып, досына хат жазуда, жазылымда жазылымда оқшау сөздерді, тыныс белгілерін қолдануда қателеседі ☐	Суреттерді пайдаланып, досына хат жазады, жазылымда оқшау сөздерді, тыныс белгілерді қолданады ☐
Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемдерді жазба жұмыстарда қолданады	Жазылымда ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемдерді қолдануда қиналады ☐	Жазылымда ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемдерді қолдануда қате жібереді ☐	Жазылымда ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемдерді қолданады ☐

4-тоқсан бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар

Бөлім «Жастықтың оты қайдасың?»

Оқу мақсаты 7.1.1.1 Мәтін үзінділері арқылы оқиғаның дамуын болжау
7.2.5.1 Диалогке қатысушылар коммуникативтік жағдаяттың талаптарына сай «сөйлеуші → тыңдаушы» позицияларын еркін ауыстыру

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Мәтін үзінділері арқылы оқиғаның дамуын болжайды
- Диалогке қатысушылар «сөйлеуші ↔ тыңдаушы» позицияларын еркін ауыстырады

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Орындау уақыты 15-20 минут

1-тапсырма

Мәтінді мұқият тыңдаңыз, ойды жалғастырып, оқиғаны дамытыңыз.

Бір күні Қожанасыр бақшада жұмыс істейді. Түс мезгілі болатын. Қожанасыр түскі астан кейін ағаштың астында демалады. Ағашта өсіп тұрған өрік пен жердегі асқабақты көріп: «Осы табиғатқа таң қаламын. Өрік ағашы өте үлкен. Бұтақтары, жапырақтары өте мықты. Бірақ жемісі өте кішкентай әрі жұмсақ. Асқабақтың сабағы мен жапырағы өте әлсіз. Ал жемісі өте үлкен әрі қатты. Бұл дұрыс емес. Өйткені өрік пен асқабақтың жемісі ауысып кеткен», - деп ойланады. Дәл сол кезде басына өрік келіп түседі. Орнынан атып тұрған Қожанасыр былай дейді

Жауабы:

Орнынан атып тұрған Қожанасыр былай дейді: «Осыдан былай табиғатқа тіл тигізбеймін. Табиғаттағы барлық нәрсе өз орнында. Егер өріктің орнында асқабақ болса, мен тірі қалмайтын едім». Неге екен?

Жауабы:

Шынында да табиғатта үлкен тепе-теңдік бар. Әрқайсысының өз орны бар. Әрбір нәрсе өте керемет жасалған. Және бұл табиғат заңына бағындырылған. Бұның бәрі тегіннен-тегін емес. Соны ойланған адам бар ма?


2-тапсырма

Сұрақтарға жауап беріп, кестені толтырыңыз.

№	Сұрақ	Жауап
1	Мәтінде қай жыл мезгілі сипатталады?	
2	Оқиға қай жерде болады?	
3	Басты кейіпкері кім?	
4	Мәтінге қандай атау бересіз?	
5	Мәтін әдебиеттің қай жанрына сай?	

3-тапсырма

Берілген суреттерді қатыстырып, «Ұрпақтар арасындағы қарым-қатынас» тақырыбында диалог құрастырыңыз. Жастар және қарттар мәселесін көтеріңіз. Сөйлеңіз және тыңдаңыз. «Сөйлеуші →тыңдаушы» позициясын ауыстырып отырыңыз.



Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Мәтін үзінділері арқылы оқиғаның дамуын болжайды.	1	оқиғаны дамытады;	1
		ойды жалғастырады;	1
		мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді;	1
Диалогке қатысушылар «сөйлеуші →тыңдаушы» позицияларын еркін ауыстырады.	2	тақырыптық диалог құрастырады;	1
		суреттерді қатыстырып сөйлейді;	1
		жастар және қарттар мәселесін айтады;	1
		сөйлеуші →тыңдаушы» позицияларын ауыстырады.	1
Барлығы			7

«Жастықтың оты қайдасың?» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға арналған ақпарат (рубрика)

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістігі деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Мәтін үзінділері арқылы оқиғаның дамуын болжайды.	Мәтінді мұқият тыңдауда, оқиғаны дамытып, ойды жалғастыруда, мәтін бойынша сұрақтарға жауап беруде киналады ☐	Мәтінді мұқият тыңдауда, оқиғаны дамытып, ойды жалғастыруда, мәтін бойынша сұрақтарға жауап беруде кателеседі ☐	Мәтінді мұқият тыңдайды, оқиғаны дамытады, ойды жалғастырады, мәтін бойынша сұрақтарға толық жауап береді ☐
Диалогке қатысушылар «сөйлеуші →тыңдаушы» позицияларын еркін ауыстырады.	Тақырыптық диалог құрастыру мен суреттерді қатыстырып сөйлеуде, жастар және қарттар мәселесін көтеруде, сөйлеуші →тыңдаушы» позицияларын ауыстыруда киналады ☐	Тақырыптық диалог құрастыру мен суреттерді қатыстырып сөйлеуде, жастар және қарттар мәселесін көтеруде, сөйлеуші →тыңдаушы» позицияларын ауыстыруда кателіктер жібереді ☐	Тақырыптық диалог құрастырады, суреттерді қатыстырып сөйлейді, жастар және қарттар мәселесін көтереді, сөйлеуші →тыңдаушы» позицияларын еркін ауыстырады ☐

Бөлім «Ғылым мен техниканың соңғы жаңалықтары», «Батыр туса – ел ырысы»

Оқу мақсаты 7.3.4.1 Мәтіндердің идеясын, мақсатты аудиториясын салыстырып, талдау жасау
7.4.4.1.Тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, презентация түрінде ұсыну

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Мәтіндердің идеясын, мақсатты аудиториясын салыстырады
- Тақырып бойынша мәліметтер жинақтайды, презентация ұсынады

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану
Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты 15-20 минут

1-тапсырма

Екі мәтінді түсініп оқып, кесте бойынша салыстырмалы талдау жасаңыз.

1-мәтін

Автоматты индустрия саласында адамсыз жүретін көліктер соңғы жаңалық болды. Өзі жүретін машиналар уақыт пен отынды үнемдеп, апаттардың алдын алып, автоматтандырылған тұрмыс-тіршілікте үлкен жетістік болып саналады. Осы көлікті ойлап тапқан жетекші компаниялардың бірі - Google.

Компания директоры Ларри Пейдж: «Өзі жүретін автомобильдің біздің тұрмыс-тіршілік пен қоршаған ортаны қалай өзгертетінін елестетіп көріңіздер. Жасыл желек көбейеді, көлік қоятын орындар кемиді, жүріп-тұру оңайлайды, апат азаяды, бос уақыт та көбейеді. Бұрынғыдай кептелісте көп уақыт жоғалтпайсың. Орташа есеппен бір америкалық шамамен жұмысына жету үшін күн сайын 50 минутын шығын қылады. Енді осы уақыттың бәрін басқа іске арнауға болады. Мамандар автомат көліктердің алғашқы нұсқаларын қазірдің өзінде сынақтан өткізіп жатыр. Бірақ олар бұл көліктер жалпы жұртқа жеткенше 10 жылдай уақыт керек», - дейді.

2-мәтін


«Samsung» компаниясы жақында шығарған Galaxy смартфоньындағы экран бетіне қолды тигізбей-ақ басқару технологиясын одан әрі жетілдіріп келеді. «Samsung» Техас университетінің ғалымдарымен бірлесіп мүмкіндігі шектеулі жандарға таптырмас құрал ойластыруда. Технология бас киім, Galaxy Note планшеті және арнайы қосымша көмегімен жүзеге асатын болады. Қазірдің өзінде жартылай жасалған технология көмегімен арнайы қосымшаларды ашып, контактілер мен плей-листтегі тректерді таңдауға болады. Жүйе мидағы бұйрықты сканерлеп, оны шын бұйрыққа айналдырады. Ғалымдардың сөзінше, технология әзірше шикі. Мысалы, арнайы бас киімді жөндеп орналастыру үшін 45 минут уақыт кетсе, электродтардың мидағы жұмысты қабылдауы үшін басқа арнайы гель жағуға тура келеді. Бірақ қазірдің өзінде жүйе 90% дәлдікпен жұмыс жасап тұр.

Екі мәтіннің ұқсастығы

Айырмашылығы	
Негізгі идеясы	
Мақсатты аудиториясы	

2-тапсырма

«Ғылым мен техниканың соңғы жаңалықтары» тақырыбында мәліметтер жинақтап, презентация жасаңыз. Берілген суреттерді қолданыңыз.



1-топ

Тірек сөздер: зиян, уақыт, денсаулық, қарым-қатынас, сөздік қор, мінез-құлық, тәуелділік



2-топ

Тірек сөздер: уақыт, байланыс, танысу, жұмыс, ойын, қарым-қатынас, мүмкіндік

Бағалау критерийі	№ Тапсыр ма	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Мәтіндердің идеясын, мақсатты аудиториясын салыстырады. Тақырып бойынша	1	мәтіндердің ұқсастығы мен айырмашылығын ажыратады;	1
		мәтіндердің негізгі идеясын ашады;	1
		мәтіндердің мақсатты аудиториясын салыстырады;	1

мәліметтер жинақтайды, презентация ұсынады	2	тақырып бойынша мәлімет жинақтайды;	1
		тақырыптық презентация дайындайды;	1
		суреттер мен тірек сөздерді қолданады;	1
		презентация талаптарын ескереді	1
Барлығы			7

«Ғылым мен техниканың соңғы жаңалықтары», «Батыр туса – ел ырысы» бөлімдері бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға арналған ақпарат (рубрика)

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістігі деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Мәтіндердің идеясын, мақсатты аудиториясын салыстырады Тақырып бойынша мәліметтер жинақтайды, презентация ұсынады	Мәтіндердің ұқсастығы мен айырмашылығын ажыратуда, негізігі идеясын ашу мен мақсатты аудиториясын салыстыруда, презентация ұсынуда қиналады ☐	Мәтіндердің ұқсастығы мен айырмашылығын ажыратуда, негізігі идеясын ашу мен мақсатты аудиториясын салыстыруда, презентация ұсынуда қателіктер жібереді ☐	Мәтіндердің ұқсастығы мен айырмашылығын ажыратады, негізігі идеясын ашады, мақсатты аудиториясын салыстырады, презентация ұсынады ☐

